

## Мектеп президентін сайлауының анықтамасы

Мектеп оқушыларының өзін – өзі басқару ұйымының негізі ретінде президенттік басқару жүйесі қалыптасқан.

Мақсаты:

Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін – өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру. Оқушының дүние танымын, жан – жақты ойлау қабілетін, ой – өрісін дамыту, көп ізденуге, бірін – бірі тыңдап, өз ойын еркін айтуға дағдыландыру. Оқушылардың мектепке деген құрмет сезімін ояту, «Өзін – өзі басқару әліппесін» меңгеру, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Сайлау парақшалары таратылды, өзін – өзі басқару ұйымының президентіне үміткерлер:

1. Абельдинова Дария 8 Ә

2. Мұрат Аружан 9 А

3. Киюбаев Амир 9 Ә

Үміткерлерді сайлау кезінде мектепке кіре беріс дәлізге үміткерлердің баннерлері іліп қойылды. Сонымен қатар сайлау жәшігі қойылды. Оқушылар сайлау парақшасын белгілеп сайлау жәшігіне салып отырды. Әрбір дауыс беруші бір ғана үміткерді таңдады. Сайлау комиссия үміткерлерді сайлау жәшігін ашып көріп дауыстарды санады.

Бірінші үміткер Абельдинова Дария 116 дауыс жинады.

Екінші үміткер Мұрат Аружан 54 дауыс жинады.

Үшінші үміткер Киюбаев Амир 114 дауыс жинады.

Қорытындылай келе, сайлауға жалпы қатысқаны 367 оқушы. Мектебіміздің президенті Абельдинова Дария болып сайланды.

[https://www.instagram.com/reel/DA\\_g9XYtgNr/?igsh=YXliZXM1eGFqMjFu](https://www.instagram.com/reel/DA_g9XYtgNr/?igsh=YXliZXM1eGFqMjFu)


## «Мен және менің отбасым» челленджінің анықтамасы

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында «Мен және менің отбасым» атты челлендж өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды өздерінің отбасы туралы жан-жақты білуге және балаға отбасының рөлі жайлы түсіндіру. Отбасын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.



## «Еңбек түбі береке» танымдық сағатының анықтамасы

Экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен 7- сыныптар арасында «Еңбек түбі береке» танымдық сағаты өткізілді. Оқушылардың еңбек түрлері туралы білімдерін кеңейту, ұғымдар қалыптастыру. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ой өрісін дамыту. Оқушылардың еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке үнемді болуға тәрбиелеу.



## «Асар» жәрмеңкесінің анықтамасы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы «Қамқор» жобасының күзгі жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 5-10 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар өз қолдарымен дайындаған өнімдерін ұсынып, шеберліктерін көрсетті. Күздің молшылығын сезініп, ортақ игілікке үлес қосты.

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/p/DBNoEMtNcLW/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/p/DBNoEMtNcLW/)

### **«Махмұд Қашқаридің туғанына 995 жыл» ақпараттық сағат**

Ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен 8-сынып оқушылары арасында «М.Қашқаридің туылғанына 995 жыл» тақырыбында ақпараттық сағат өтті. Іс-шарада Махмұд Қашқаридың өмірі мен еңбектері таныстырылып, оқушылар арасында викторина және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл шара оқушылардың түркі мәдениеті мен тарихына деген қызығушылықтарын арттырып, олардың танымдық көкжиегін кеңейтті.



## «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» іс-шарасының анықтамасы

Өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе 1-11 сынып оқушылары арасында Республика күніне орай «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» танымдық сағаты өткізілді. Сынып оқушылары республика күніне арнап суреттер салып, ел, жер туралы өлең жолдарын жатқа айтып, белсене қатыса білді. Мақсаты: Ұлттық мереке 25-қазан Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру, жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, байқуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту көзделді.



## **«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойынның анықтамасы**

Ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен 5- сынып оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны өтті. Аталған іс-шараның мақсаты:

1. Оқушылардың ойын кеңейту;
  2. Интеллектуалды қабілеттерін, білімін және нәтижесін барабар бағалау қабілетін дамыту.
  3. Тапсырманы орындауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» ойынында балалар топта жұмыс істей білуді, логикалық ойлау мен зейінін шоғырландыруды көрсетті.



## «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызметінің анықтамасы

Қамқорлық фракциясы мектеп оқушыларымен бірлесе жануарларға азық апарып, көмек қолын созды. Мақсаты - үйсіз жануарларға көмек көрсету, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру, жануарларға қамқорлық жасауға үлес қосу.





## **«Буллингтен қорған!» түсіндірме жұмысының анықтамасы**

Ювеналды полиция бөлімінің полиция капитаны, мектеп инспекторы Жармуханова Айгерим Маратовна 5 және 6 сыныптарға «Буллингтен қорған» дәріс өткізіп, Қазақстан Республикасының құқықбұзушылыққа тиісті заңдары туралы көп хабарлама жасады. Құқық және тәртіп фракциясының мүшелері буллингтің алдын-алу бойынша жадынамалар ұсынды.



## **«Жошы ұлысына 800 жыл» танымдық сағатының анықтамасы**

Ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен «Жошы ханның туғанына - 800 жыл» толуына орай 10 сынып оқушылары арасында «Жошы хан - Жошы ұлысы» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты: Қазақ тарихында халқымыздың ұлт болып қалыптасуының негізі саналатын Жошы ұлысының тарихымен таныстыру. Танымдық сабақ барысында жас ұрпаққа Жошы ханның қазақ даласында билік еткен жылдары және Жошы ұлысының құрылуы тарихы, Жошы ұрпақтары туралы насихатталды. Жошы хан кесенесі – Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Қаракенгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш туралы ақпаратпен танысты. «Ақсақ құлан, Жошы хан» аңызын көріп, өз ойларымен бөлісті.



## «Оқулықты күтіп ұста» акциясының анықтамасы

Ақпарат фракциясы апта сайын оқушылардың оқулық жағдайын қарап, жыртылған жерлері болса желімдеп, сызылған, шимайланған жерлерін өшіру керектігін оқушыларға айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.



## **«Сыр-сұхбат» айдарының анықтамасы**

Ақпарат фракциясы аптасына 1 рет мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары арасында «Сыр-сұхбат» айдарын ұйымдастырады. Мақсаты: балалардың сұрақтарының көмегімен, сұхбаттағы кейіпкеріміздің өмірдегі болмысын көрсету. Ұстаз бен оқушы арасында белгілі бір тақырып төңірегінде пікір алмасу және ой бөлісу.

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/reel/DAu1YjYtxbt/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/reel/DAu1YjYtxbt/)

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/reel/DBBY\\_0oNCYa/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/reel/DBBY_0oNCYa/)

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/reel/DDEWbA4NUTW/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/reel/DDEWbA4NUTW/)

## «Денсаулық – сенің байлығың» спорттық жарысының анықтамасы

Спорт және салауатты өмір салты фракциясының ұйымдастыруымен «Денсаулық – сенің байлығың» атты 5-6 сынып оқушылары арасында спорттық жарыс өткізілді. Мақсаты: Баланың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Денсаулығының нығаюы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.




## «Жылу сыйла» акциясының анықтамасы

Қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Жылу сыйла» акциясы өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар өздеріне қажетсіз, бірақ жақсы күйде сақталған киім-кешек, ойыншықтар, кітаптар мен басқа да тұрмыстық заттарды әкеліп, қайырымдылыққа ұсынды. Акцияның мақсаты - артық заттарды қажет еткендерге беру арқылы көмек көрсету. Оқушыларды мейірімділікке, жанашырлыққа баулу.



## «Жастар таза қала үшін» акциясының анықтамасы

Экология және еңбек фракциясының ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылары арасында «Жастар таза қала үшін» акциясы өткізілді. Оқушылар мектеп ауласында қар тазалау жұмыстарын жүргізді.



## **«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджінің анықтамасы**

Өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе мектеп оқушылары Тәуелсіздік күніне орай «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджіне қатысты. Жетістік ретінде оқу, спорт, өнер, шығармашылық, ғылыми жоба сияқты кез келген жетістікті қарастырылды. Бейнероликте оқушылар өз жетістіктері туралы қысқаша айтып, оның маңыздылығын түсіндірді. Жетістікті сипаттаған кезде «Мен бұл жетістігімді еліме арнаймын, өйткені...» деген сөйлемді қолданды. Оқушылар өз жұмыстарын сыныптастарымен бөлісіп, патриоттық әндер де айтты.

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/reel/DDfd9OTN8NE/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/reel/DDfd9OTN8NE/)

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/reel/DDe0agwN9Zx/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/reel/DDe0agwN9Zx/)



## **«Тәуелсіз елім – тұғырым» көрмесінің анықтамасы**

Экология және еңбек фракциясымен бірге Тәуелсіздік күніне арналған көрмеге 1-4 сынып оқушылары белсенділік танытты. Мақсаты: патриоттық тәрбие беру, елдің тарихын, дәстүрін, мәдениетін білу. Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

[https://www.instagram.com/35\\_mektep\\_pvl/reel/DDeRUpMNMDZ/](https://www.instagram.com/35_mektep_pvl/reel/DDeRUpMNMDZ/)